

## **(Бөлшек кредит беру өнімі бойынша) банктік қарыз туралы шарттың үлгілік талаптары**

Осы (Бөлшек кредит беру өнімі бойынша) банктік қарыз туралы шарттың үлгілік талаптары, бұдан әрі «Талаптар» деп аталатын, «ForteBank» АҚ-ң (бұдан әрі – Банк) жеке тұлғалармен Банктік қарыз туралы шарттарды (соның ішінде кредит желісі шегінде берілетін) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 389-бабында қарастырылған тәртіпте бекіту мақсатында дайындалды.

### **1. ШАРТТЫҢ НЕГІЗГІ ТАЛАПТАРЫ**

1.1. Қарыз алушы банктік қарыз туралы шартқа/кредит желісін ашу туралы келісімге қол қоя отырып банктік қарыз туралы шарттың/кредит желісін ашу туралы келісімнің (бұдан әрі - Шарт) ажырамас бөлігі болып табылатын Талаптарды қабылдайды және толықтай қосылады.

1.2. Шартта белгіленеді:

- 1) қарыздың (кредит лимитінің) мақсаты, жалпы сомасы, валютасы, қолжетімді кезеңі және мерзімі, сонымен қатар кредит лимитінің түрі;
- 2) сыйақы мөлшерлемесінің түрі, қарызды пайдаланғаны үшін сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері, соның ішінде дұрыс жылдық тиімді салыстырмалы есепте;
- 3) қарызды өтеу әдісі, төлем карточкасы бойынша белгіленген кредит лимитінің шегінде берілген қарыздарды қоспағанда, олар бойынша қарыз бойынша берешекті өтеу әдісі келесі қосындылардың сомасына тең ай сайынғы төлем түрінде белгіленген (бұдан әрі – Ең төменгі төлем): қолданылған қарыз сомасынан 5 (бес) % + техникалық овердрафт сомасы (болған жағдайда, толық) + есептелген сыйақы және комиссиялар (толық). Бұл ретте Ең төменгі төлем 2000 (екі мың) теңгеден кем болмауы тиіс. Берешек сомасы 2000 (екі мың) теңгеден кем болған жағдайда Ең төменгі төлем қарыз бойынша барлық берешек сомасына тең болады.
- 4) қарыз беруге және қызмет көрсетуге байланысты алынатын комиссиялардың және басқа төлемдердің толық тізімі және олардың мөлшері;
- 5) қарызды және сыйақыны өтеу кезеңділігі;
- 6) қамтамасыз ету (*қамтамасыз ету бере отырып берілген қарыздарға қолданылады*).

1.3. Шарт бекітілген күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей Банк қарыз береді немесе осы Талаптарда (Шартта) белгіленген жағдайларда, немесе кредит желісінің шегінде – Банк Қарыз алушының қарыз алу туралы өтінішін қабылдаған күннен бастап (Банк белгілеген нысан бойынша), немесе төлем карточкасы бойынша белгіленген кредит лимитінің шегінде – Банк қарыз беруден бас тарту туралы шешім қабылдаған күннен бастап Банк қарыз беруден бас тартады. Қарыз сомасы Қарыз алушының банктік шотына нақты есептелген күн қарыз берілген күн болып табылады, ал төлем карточкасы бойынша кредит лимиті белгіленген жағдайда – белгіленген кредит лимитін пайдалану бойынша тиісті шығыс операциясы жүргізілген күн. Қарызды өтеу, соның ішінде сыйақыны немесе тұрақсыздық айыбын төлеу қарыз валютасында жүргізіледі және Қазақстан Республикасының заңында тыйым салынбаған кез келген тәсілмен жүзеге асырылады. Төлем карточкасы бойынша белгіленген кредит лимитінің шегінде берілген қарыздар бойынша қолжетімді кредит лимиті, қарыз беріле алатын сома шегінде, қарыз бойынша негізгі берешектің өтелген сомасының көлеміне Шарт талаптарына сәйкес оны өтеу күні көбейтіледі.

1.4. Шарт бойынша міндеттемені орындау үшін жеткілікті болған жағдайда, Қарыз алушы қарыз бойынша төлейтін сомаларды Банк мынадай кезектілікпен берешекті өтеуге бағыттайды:

- 1) Шарт (Талаптар) бойынша міндеттемесін бұзғанына байланысты Қарзы алушыдан берешекті өндіріп алу бойынша Банк шығындарын өтеуге;
- 2) Тұрақсыздық айыбын (айыппұлдарды, өсімпұлдарды) өтеуге;
- 3) Шарт, осы Талаптар бойынша, қарызды қайтаруға және ол бойынша сыйақыны төлеуге байланыссыз, Қарыз алушы төлемеген төлемдер сомасын өтеуге;
- 4) Қарыз алушы төлемеген мерзімі өткен сыйақы сомаларын өтеуге;
- 5) Қарыз алушы төлемеген мерзімі өткен негізгі борыш сомаларын өтеуге;
- 6) Ағымдағы есептелген сыйақы сомасын өтеуге;
- 7) Ағымдағы негізгі борыш сомаларын өтеуге.

Шарт бойынша барлық ақшалай міндеттемелерді орындау үшін қаражат жеткіліксіз болған кезде, Қарыз алушының қарыз бойынша төлейтін сомаларын Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген кезектілікпен берешекті өтеуге жібереді.

1.5. Тұрақсыздық айыбының көлемі, соның ішінде қарызды және/немесе сыйақыны уақытында өтемегені үшін шекті көлемі, сонымен қатар оны есептеу тәртібі Қарыз алушы Банктік қарыз туралы шартта белгіленеді.

1.6. Қарызды өтеу және ол бойынша сыйақыны төлеу Шартта қарастырылған тәртіпте және талаптарда жүзеге асырылады. Бұл ретте Банк пайдасына төленетін барлық төлемдерді Қарзы алушы Банк өзіне тиесілі ақша сомасын салық, алымдар, баж, комиссиялар және басқа да ұсталымдар мен төлемдерді одан шегерусіз толық көлемде алатындай етіп жүзеге асыруы тиіс. Егер қарызды өтеу және/немесе есептелген сыйақыны төлеу мерзімі жұмыс күні болып табылмайтын күнге түссе, Қарыз алушының берешекті өтеу үшін ақша аударуы келесі жұмыс күні жүргізіледі. Өтеу кестесінде бұндай жұмыс емес күніне көрсетілген негізгі қарыз мөлшерінен шыға отырып бұндай жұмыс емес күніне есептелген сыйақы өтеу кестесіне сәйкес келесі кезекті өтеу күнінде төленеді.

1.7. Қарыз алушы Шарт және/немесе қамтамасыз ету шарт(-тар)ы бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда Банк құқылы:

1) Қарыз алушының Банкте ашылған банктік шоттары бойынша барлық шығыс операцияларын бір жақты тәртіпте тоқтатуға;

2) мынадай жағдайлардың бірінде Қарызды мерзімінен бұрын қайтаруын және сыйақыны төлеуін талап етуге құқылы:

а) Қарыз бойынша негізгі қарыздың кезекті бөлігін және/немесе қарыз бойынша сыйақыны өтеу жөнінде 40 (қырық) күнтізбелік күннен аса күнге мерзімін өткізу болған жағдайда;

б) Қарыз алушы Қарызды мақсатты пайдалану жөніндегі міндеттерін орындамаған кезде;

в) Қамтамасыз етуді жоғалтқанда немесе Банк жауап бермейтін жағдайлар бойынша оның жағдайы нашарлағанда;

г) Шартта және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларда Банк біржақты тәртіпте Шартты орындаудан бас тартқан жағдайда (Шарттан бас тарту);

Бұл орайда Банк Қарыз алушының берілген Қарыз бойынша өз міндеттемелерінің барлығын мерзімінен бұрын орындау туралы талабын (Қарыз алушы өз міндеттемелерін орындамаған жағдайдағы салдарын көрсете отырып) бұндай шешім қабылданған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде беруге міндетті.

3) бір жақты соттан тыс тәртіпте Қарыз алушының берешегін өтеу кезектілігін өзгертуге (Шарт талаптарын Қарыз алушы үшін жақсы жағына қарай өзгертетін), ол туралы Банк осы Шарттарда қарастырылған тәртіпте және мерзімде Қарыз алушыға хабарлайды.

1.8. Қарыз алушы Шарт бойынша өзінің ақшалай міндеттемесін бұзған жағдайда Банк бұндай бұзушылық болған сәттен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде осы Талаптарды қарастырылған тәсілдермен оған өз міндеттемелерін орындау қажеттігі және орындамау салдары туралы хабарлама жолдайды. Қарыз алушы Банк талаптарын хабарламада көрсетілген мерзімде қанағаттандырмаса, Банк құқылы:

1) Қарыз алушының Банкте ашылған банктік шоттарынан ақшаны Банкте ашылған Қарыз алушының банктік шоттарын тікелей дебеттеу жолымен немесе Қазақстан Республикасының заңнамаларымен тыйым салынбаған басқа да тәсілдермен сөзсіз және акцептісіз тәртіпте шешуге және/немесе Қазақстан Республикасының аумағында және оның аумағынан тыс жерлерде банк операцияларының жекеленген түрлерін жүзеге асыратын Банктерге және/немесе ұйымдарға Қарыз алушының шоттарынан (соның ішінде кәсіпкерлік мақсатта ашылған шоттарынан) ақшаны шешіп алу туралы, оларды орындау үшін Қарыз алушы акцептін қажет етпейтін, төлемдік және/немесе басқа да құжаттарды ұсынуға құқылы. Егер акцептісіз тәртіпте алынған ақша (сонымен қатар Қарыз алушыдан/үшінші тұлғалардан түскен), ол бойынша берешекті өтеу мақсатында алынған, қарыз валютасынан өзге болса, Қарыз алушының келісімін алусыз алынған (түскен) ақша ақша аударымы аяқталған сәттегі Банктің айырбастау бағамы бойынша қарыз валютасына ауыстырылады және Қарыз алушының Шарт бойынша берешегін өтеуге бағытталады. Қарыз алушының Шартқа қол қоюы Қарыз алушының Банктің аталған әрекеттерді жүзеге асыруына келісімін білдіреді.

2) барлық шығындарды Қарыз алушының шотына жаза отырып, Қарыз алушыдан Шарт бойынша берешегін өндіріп алу туралы арызымен сот органдарына жүгіну;

3) соттық немесе соттан тыс тәртіпте кепілге берілген мүлікті өндіріп алу;

4) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Шартқа сәйкес басқа шараларды қолдану.

1.9. Осы Шарт Тараптардың қолдары қойылып, Банк мөрімен бекітілген күннен бастап күшіне енеді және Тараптар ол бойынша өз міндеттемелерін толығымен орындағанға дейін әрекет етеді.

## **2. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШЛІГІ**

2.1. Егер басқасы Шартта қарастырылмаған болса, Банк талап етуге құқылы, ал Қарыз алушы Банктің тиісті талабын алған кезде міндетті:

- 1) қарызды мақсатына сай пайдаланбаған жағдайда Банкке қарыздың мақсатқа сай пайдаланылмаған сомасынан 25% (жиырма бес пайыз) айыппұл төлеуге;
- 2) кепіл затын сақтандыру туралы шартты осы Талаптарда белгіленген тәптіпте және ережелерге сәйкес бекітуді қамтамасыз ету және Банкке ұсыну бойынша міндеттемені бұзған жағдайда әр мерзімі өткен күнтізбелік күн үшін және әр бұзушылық дерегі үшін бөлек тиісті сақтандыру туралы шартының мерзімі өткен күніндегі жағдайы бойынша Шарт бойынша негізгі қарыз қалдығының сомасынан 0,05% (нөл бүтін жүзден бес пайыз) мөлшерінде өсімпұл төлеуге (*бұл тармақ өнім шарттарына сәйкес қамтамасыз ету беру арқылы берілген қарыздарға қолданылады*);
- 3) кепілге берілген мүлікті қайта бағалау бойынша міндеттемені бұзған жағдайда әр мерзімі өткен күнтізбелік күн үшін және әр бұзушылық дерегі үшін бөлек тиісті сақтандыру туралы шартының мерзімі өткен күніндегі жағдайы бойынша Шарт бойынша негізгі қарыз қалдығының сомасынан 0,05% (нөл бүтін жүзден бес пайыз) мөлшерінде өсімпұл төлеуге (*бұл тармақ өнім шарттарына сәйкес қамтамасыз ету беру арқылы берілген қарыздарға қолданылады*);
- 4) Шарт бойынша кез келген басқа міндеттемелерді бұзған жағдайда:
  - егер бұзылған міндеттеменің орындалу мерзімі болмаса – әр бұндай бұзушылық жағдайы бойынша Банкке Қарыз немесе кредит лимитінің – егер қарыз ұсынылатын кредит желісінің шегінде берілетін болса, сомасынан 0,1 % (нөл бүтін оннан бір пайыз) мөлшерінде өсімпұл төлеу;
  - егер бұзылған міндеттеменің орындалу мерзімі болса - әр бұндай бұзушылық жағдайы бойынша Банкке міндеттемені бұзған әр күнтізбелік күн үшін Қарыз немесе кредит лимитінің – егер қарыз ұсынылатын кредит желісінің шегінде берілетін болса, сомасынан 0,01 % (нөл бүтін жүзден бір пайыз) мөлшерінде өсімпұл төлеу.Осы тармақта көрсетілген айыппұл санкцияларын есептеу Банк құқығы болып табылады және бұндай санкцияларды Қарыз алушы Банк тиісті талабын Қарзы алушыға ұсынған күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде төлеуі тиіс.

2.2. Банк жауапкершілігі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленеді.

### 3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

#### 3.1. Банк мыналарға құқылы:

- 3.1.1. Қазақстан Республикасының 31.08.1995 жылғы «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» заңының 34 бабының 3 тармағында қарастырылған, сонымен қатар Шатта белгіленген жағдайларда Шарттың талаптарын Қарыз алушы үшін жақсарту жағына бір тарапты тәртіпте өзгертуге.
- 3.1.2. осы Талаптардың 1.8 тармағында қарастырылған хабарламаны Қарыз алушыға Шартта көрсетілген Қарыз алушының мобильді нөміріне тиісті мәтіндік хабарлама (бұдан әрі - СМС) жіберу арқылы және/немесе Шартта бекітілген басқа тәртіпте жолдау.
- 3.1.3. Банк қызметі, өнімдері, жарнамалық акциялары бойынша кез келген ақпарат бар хабарламаның барлық түрлерін (мыналарды қоса алғанда, бірақ бұлармен шектелмей: СМС, e-mail, қағазға жазылған хат) Қарыз алушының барлық көрсетілген байланыс мәліметтеріне (мыналарды қоса алғанда, бірақ бұлармен шектелмей: ұялы телефоны, e-mail, үй пошталық мекенжайы) жолдауға.
- 3.1.4. Қарыз алушының жұмыс берушісіне Қарыз алушының Банктік қарыз туралы шарт бойынша міндеттемелерін орындамағандығы туралы хабарлауға.
- 3.1.5. Банк келесі жағдайлардың бірінде Қарыз алушыға қарыз беруден, ал белгіленген кредит лимиті бар төлем карточкасы бойынша – бұндай төлем картасы байланған банктік шот бойынша шығыс операцияларын жүзеге асырудан бас тартуға құқылы:
  - 1) Қарыз алушының және/немесе қамтамасыз етуді берген үшінші тұлғаның Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе бекітілген шарттарда қарастырылған Банк алдындағы кез келген міндеттемені, соның ішінде бірақ бұнымен шектелмей қарыз алуға және ол бойынша қызмет көрсетілуге қатысты дұрыс ақпарат пен құжаттарды беру бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда; және/немесе
  - 2) Қарыз алушының жағымсыз кредиттік тарихының болуы; және/немесе
  - 3) Қарыз алушының және/немесе үшінші тұлғалардың Банкпен жасаған Қамтамасыз ету шартының болмауы;
  - 4) Банкке Шартты және/немесе қамтамасыз ету шартын (оған қосымша келісімді) жасауға және/немесе Шарттан/ қамтамасыз ету шартынан шығатын өз құқығын пайдалануға кедергі келтіретін Банктің ескертулерін Қарыз алушының және/немесе үшінші тұлғаның жоймауы;
  - 5) Кез-келген уәкілетті сотта, соның ішінде аралық және/немесе төрелік соттарда сот үрдісінің бар болуы, қорытындысында: (i) Қарыз алушының Банк алдындағы міндеттемесін қамтамасыз ету болып

табылатын мүлікке өндіріп алу қарастырылған, (ii) Шарттың/ қамтамасыз ету шартының нақтылығы дауланған (толықтай немесе бөлігінде); және/немесе

6) Уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актісіне сәйкес Банк жүргізген мониторингі нәтижесі бойынша анықталған Қарыз алушының қаржы жағдайының нашарлауы; және/немесе

7) (i) Банк операцияларын қаржыландыру көзі және/немесе (ii) кредиттік ресурстардың қалыптасу жағдайы және/немесе (iii) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары және/немесе (iv) валюталық немесе басқа қаржы нарықтарында жағдай өзгерген жағдайда, Кредиттік қауіптілікті және/немесе жағымсыз қаржылық салдарын төмендету мақсатында Банк өз қалауы бойынша; және/немесе

8) Қарыз алушының салық және бюджетке төленетін міндетті төлемдер бойынша берешегінің болуы.

9) егер Қарыз алушының мүлкіне, оның банктік шоттарында сақтаулы ақшаларды қоса алғанда, тыйым салынса немесе басқа жолмен ауыртпалық артылған болса/өндіріп алу салынған боса (немесе осындай түрдегі салдардың болу қаупі болса); және/немесе

10) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайда, соның ішінде егер Банк қарыз беру немесе төлем карточкасы бойынша белгіленген кредит лимитінің есебінен шығыс операцияларын орындау нәтижесінде Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзу қаупі болса; және/немесе

11) қарыз беру немесе төлем карточкасы бойынша белгіленген кредит лимитінің есебінен шығыс операцияларын орындау нәтижесінде Банктің қаржылық жағдайының нашарлауы немесе нашарлау қаупі болған жағдайда; және/немесе

12) Банк пікірі бойынша Қарыз алушының Шарт бойынша Банк алдындағы міндеттемелерін бұзу қаупі /қаупінің туындау қаупі болған жағдайда; және/немесе

13) Қарыз алушының бұрын міндеттемені бұзуына байланысты тараптармен жүргізілген Қарыз алушының Банк алдында міндеттемелерін өзгерту деректерінің болуы (соның ішінде, бірақ шектелмей, қарызды/сыйақыны және басқа сомаларды өтеу бойынша мерзімін ұзарту және/немесе Қарыз алушының болашақта орындауына жататын өзге міндеттемелерді орындау, Шарт бойынша берешекті мерзімінен бұрын өтеуге қатысы жоқ төлемдерді төмендету және/немесе Шарт бойынша қарыз мерзімін ұзарту); және/немесе

14) мемлекеттік органның/лауазымды тұлғаның Банктің қаржыландыру беруіне тыйым салатын немесе шектейтін актісінің болуы; және/немесе

15) Қарыз алушының кез-келген сомада Банкке төленетін мерзімі өткен төлемдердің болуы; және/немесе

16) Банк жауап бермейтін жағдайлар бойынша қамтамасыз етуді жоғалған немесе оның жағдайы нашарлаған жағдайда; және/немесе

17) қамтамасыз ету берген үшінші тұлғаның қаржылық жағдайының нашарлауы.

Бұл ретте Банк қарыз беруден бас тартатындығы туралы Қарыз алушыға Шарт бекітілген күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде, немесе кредит желісінің шегінде – Банк Қарыз алушының қарыз алу туралы өтінішін қабылдаған күннен бастап (Банк белгілеген нысан бойынша), төлем карточкасы бойынша белгіленген кредит лимитінің есебінен шығыс операцияларын жүргізуден бас тартатындығы туралы бұндай шешім қабылданған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде хабарлауға міндетті. Бұл орайда хабарлама болып келесілер де танылады:

а) Банктің Қарыз алушының Шартта/Қарыз алушының Банкке тапсырған басқа құжатта (хабарламада) көрсетілген ұялы телефонына СМС жолдауы; және/немесе

б) шығыс операцияларын жүргізуден бас тарту, ол арқылы Қарыз алушы төлем карточкасын пайдалану арқылы шығыс операциясының жүргізілуіне бастамашылық еткен жабдықпен (құрылғымен) берілген (көрсетілген) тиісті мәтіндік хабарламада берілетін (бас тарту себебі қарастырылмаған жағдайда – оны анықтау үшін Қарыз алушы өз бетінше Банкке хабарласуға міндеттенеді);

3.1.6. Банкке Қарыз алушының және/немесе қамтамасыз етуді берген үшінші тұлғаның бірнеше кепіл затымен қамтамасыз етілген қарыз бойынша кепілдікті қамтамасыз етуді төмендету туралы өтініші келіп түскен жағдайда:

1) өз қалауы бойынша барлық Қамтамасыз етудің немесе кейбірінің нарықтық құнын анықтау үшін тәуелсіз бағалаушыны тартуға. Қарыз алушының немесе Қамтамасыз етуді ұсынған үшінші тұлғаның Қамтамасыз етуге жасалған тәуелсіз бағалау туралы есебі мен Банк тартқан тәуелсіз бағалаушының Қамтамасыз етуге жасаған тәуелсіз бағалау туралы есебінің арасында айырмашылықтар болғанда, Банк Қарыз алушының және/немесе үшінші тұлғаның жоғарыда аталған өтініші бойынша мәселені шешу кезінде негізге алынатын кепіл затын бағалау туралы есепті өз бетінше таңдауға құқылы. Банктің тәуелсіз бағалаушының есебін өз бетінше бұндай

таңдауы бойынша бағалауы Банктің кепілдік саясатының талаптарын есепке алумен Шарт бойынша Қарыз алушының берешектерінің (орындалмаған міндеттемелерінің) көлемі асқан бөлігінде Банк Қамтамасыз етудің жеткілікті екенін анықтау үшін дұрыс және тиімді болып есептеледі.

2) егер тәуелсіз бағалаушымен анықталған, Банк келіскен, кепіл затының нарықтық құны Қарыз алушы немесе Қамтамасыз етуді ұсынған үшінші тұлға Банкке жүгінген кезде Банк саясаты талаптарын және қамтамасыз етуді ескере отырып, Қарыз алушының Шарт бойынша берешектерінің (орындалмаған міндеттемелерінің) көлемінен асса, Банктің кепіл құқығы ауыртпалығынан шығаруға жататын мүлікті өз қалауы бойынша анықтауға, Банктің тәуелсіз бағалаушының есебін өз бетінше таңдауы бойынша бағалауы Банктің кепілдік саясатының талаптарын есепке алумен Шарт бойынша Қарыз алушы берешектерінің (орындалмаған міндеттемелерінің) көлемі асқан бөлігінде Банк Қамтамасыз етудің жеткілікті екенін анықтау үшін дұрыс және тиімді болып есептеледі.

3.1.7. Қарыз алушыдан FATCA (Foreign Account Tax Compliance Act) талаптарына сәйкес Қарыз алушының жеке мәліметтерін беру, жинау және өңдеу үшін қажетті ақпараттар мен құжаттардың ұсынылуын талап етуге.

3.1.8. Қарыз алушы Шарт бойынша өз міндеттемелерінің кез келгенін бұзған жағдайда, ол туралы Шартты орындаудан бас тартудың болжамды күнінен бастап кемінде 10 (он) күн бұрын Қарыз алушыға жазбаша ескерте отырып, бір жақты соттан тыс тәртіпте Шартты орындаудан бас тартуға.

3.1.9. Қарыз алушының берешегіне алныған/есептен шығарылған ақша мөлшерінен асқан жағдайда Банктің таңдауы бойынша қалған ақшаны Қарыз алушының, соның ішінде кәсіпкерлік мақсатта ашқан шот(-тар)ына және/немесе олардан ақша түскен/есептен шығарылған үшінші тұлғаның(-лардың) шот(-тар)ына және/немесе тиісті валютада Қарыз алушының және/немесе үшінші тұлғаның(-лардың) кез келген басқа шот(-тар)ына немесе Қарыз алушы және/немесе үшінші тұлға(-лар) көрсеткен шотқа(-тарға) бағыттау;

3.1.10. Кез келген уақытты Қарыз алушының қаржылық жағдайын, қарыздың мақсатты қолданылуын, қарыздың қамтамасыз етілуін және Қарыз алушының тиісті түрде/тиісті түрде емес орындалатын міндеттемелерін тексеру.

3.1.11. Қарыз алушының қосымша келісімінсіз акцептісіз тәртіпте Қарыз алушының Банкте ашылған ағымдағы шотын тиісті бенефициардың пайдасына дебеттеуге – Шартта Қарыз алушының Кредитті есептесудің тек қолма қол ақшасыз түрінде пайдалану мүмкіндігі қарастырылған жағдайда. Қарыз алушы Шартқа қол қою арқылы осы тармақта белгіленген жағдайда оның банктік шоттарынан ақша алуға өзінің қайтарып алусыз келісімін береді.

3.1.12. Қамтамасыз етуге түсетін мүліктің нарықтық құны төмендеген, Қарыз алушы міндеттемелерінің үлкейген немесе Шарт бойынша қаржыландыру талаптарының басқа өзгерісі болған жағдайда, Банк Қамтамасыз етуге қатысты өзінің құқықтарын жоғалтқан немесе жоғалту қаупі туған жағдайда, сондай-ақ Қамтамасыз ету шартында(-тарында) немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында қарастырылған өзге жағдайларда, Банк Қарыз алушыдан қосымша Қамтамасыз етудің ұсынылуын талап етуге құқылы, ал Қарыз алушы Банк талабын алған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Банктің талаптарын қанағаттандыратын қосымша Қамтамасыз етуді ұсынуға міндетті. *(бұл тармақ өнім шарттарына сәйкес қамтамасыз ету беру арқылы берілген қарыздарға қолданылады);*

3.1.13. Қамтамасыз ету шарттарында бекітілген мерзімдерде, өз бетінше және/немесе үшінші тұлғаларды тартумен, шығындарды Қарыз алушыға салу арқылы Қамтамасыз етудің жағдайын тексеруге (соның ішінде Қамтамасыз етуді қайта бағалауға) *(бұл тармақ өнім шарттарына сәйкес қамтамасыз ету беру арқылы берілген қарыздарға қолданылады);*

3.1.14. осы Талаптарда және/немесе Банктік қарыз туралы шартында және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған басқа құқықтарды жүзеге асыруға.

## **3.2. Банк мыналарға міндеттенеді:**

3.2.1. Қарыз алушының өтініші бойынша, кемінде айына 1 (бір) рет 3 (үш) жұмыс күннен артық емес мерзімде жазбаша түрде Шарт/кредит желісі шегінде кезекті қарыз бойынша қарызды өтеу есебінен түскен кезекті ақшаларды (негізгі қарызға, сыйақыға, комиссияға, тұрақсыздыққа, айыппұлға және мерзімі өткен төлемдерді көрсете отырып, төленуге жататын басқадай сомаларды) бөлу туралы.

3.2.2. ұсынылған ақшаны Банкке ішінара немесе толығымен мерзімінен бұрын қайтару туралы Қарыз алушының өтініші бойынша, 3 (үш) жұмыс күннен артық емес мерзімде, мерзімі өткен төлемдерді көрсету арқылы, негізгі қарызға, сыйақыға, комиссияларға, тұрақсыздықтарға,

айыппұлдарға және басқа да төлеуге жататын сомаға бөлінген, қайтарылуы тиіс соманың мөлшері туралы қайтарымсыз мәліметті хабарлауға;

3.2.3. Банк бұндай шешім қабылдаған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Банк Қарыз алушының Шартта/Қарыз алушының Банкке тапсырған басқа құжатта (хабарламада) көрсетілген ұялы телефонына СМС жолдау арқылы немесе Банктің қалауы бойынша Талаптарда (Шартта) қарастырылған басқа тәсілмен Қарыз алушыға Шарт талаптарының Қарыз алушы үшін жақсарту жағына қарай өзгертілгендігі туралы хабарлауға;

3.2.4. Шарт бойынша ақшалай міндеттемені орындау мерзімі өткен кезде Қарыз алушыны осы Талаптарда қарастырылған мерзімде және тәсілмен, бірақ міндеттемені орындау мерзімі өткен күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күнінен кешіктірмей, Шарт бойынша төлемдерді енгізу қажеттігі және Қарыз алушының өз міндеттемелерін орындамау салдары туралы хабардар етуге;

3.2.5. Шарт/кредит желісі шегінде кезекті қарыз бойынша талап ету құқығын үшінші тұлғаларға берген кезде, бұл туралы Қарыз алушыға ағымдағы және мерзімі өткен берешек қалдығын Қарыз бойынша негізгі борышқа, сыйақыға, комиссияларға, тұрақсыздық айыбына, айыппұлдарға және басқа да төлеуге жататын сомаларға бөліп, сондай-ақ Қарызды өтеу бойынша бұдан әрі төлемдердің Банкке немесе Қарыз бойынша талап ету құқығы берілген тұлғаға тағайындалуын көрсету арқылы берілген талап ету құқығының толық көлемін көрсетумен 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша хабардар етуге;

3.2.6. Қарыз алушының Қарызбен байланысты сұрақтары бойынша жазбаша сұранымына Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңында белгіленген мерзімде жазбаша жауап дайындауға және қарауға;

3.2.7. Банктік қарыз туралы шарт бекітілген күннен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде Қарыз ұсынылған күннен бастап Банк есептеген Сыйақыны төлеу арқылы Қарыздың қайтарылуын қабылдауға, бұл ретте Қарызды қайтарғаны үшін тұрақсыздық айыбы немесе айыппұл санкцияларының басқа түрлері мұндай жағдайда алынбайды

3.2.8. Қарыз алушы қарыз бойынша негізгі берешекті толық өтегеннен кейін және есептелген Сыйақы сомасының төлемін, басқа да төлемдерді Банктік қарыз туралы шартының талаптарына сәйкес өтегеннен кейін мүлікке құқығын және олармен мәмілелерді мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын уәкілетті ұйымға қамтамасыз ету затын кепілге алу туралы шарттың тоқтатылуы туралы хабарлау және қамтамасыз етудің тоқтатылуына байланысты оның барлық құқық орнатушы, сәйкестендіру құжаттарын Қарыз алушыға қайтаруға. *(бұл тармақ қамтамасыз етумен берілген қарыздар бойынша қолданылады).*

3.2.9. осы Талаптарда, Банктік қарыз туралы шартында, Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған және/немесе оларды орындаумен байланысты басқа міндеттерді орындауға

### **3.3. Банк мыналарға құқысыз:**

3.3.1. Шартты бекіту күніне белгіленген комиссияларды және басқа төлемдерді есептеу тәртібін және көлемін ұлғайту жағына қарай біржақты тәртіпте өзгертуге;

3.3.2. Шарт шегінде комиссиялардың жаңа түрлерін бір жақты тәртіпте енгізуге;

3.3.3. 1 (бір) жыл мерзіміне берілген қарызды алған күннен бастап 6 (алты) айға дейін, 1 (бір) жылдан астам мерзімге берілген қарызды алған күннен бастап 1 (бір) жылға дейін, негізгі борышты мерзімінен бұрын ішінара немесе толығымен өтеген жағдайларды қоспағанда, Қарызды мерзімінен бұрын өтегені үшін тұрақсыздық айыбын немесе айыппұл санкцияларының басқа да түрлерін өндіріп алуға;

3.3.4. егер негізгі борышты немесе Сыйқыны өтеу күні демалыс немесе мереке күніне келсе, яғни Сыйақыны немесе негізгі борышты төлеу одан кейінгі келесі жұмыс күні жүргізілген жағдайда тұрақсыздық айыбы немесе айыппұл санкцияларының басқа да түрлерін өндіріп алуға;

3.3.5. Қарыз алушыға/қамтамасыз етуді берген үшінші тұлғаға сақтандыру ұйымын және (немесе) бағалаушыны таңдауда шектеу қою, сонымен қатар Қарзы алушыға өз өмірін және денсаулығын сақтандыру міндетін жүктеу.

3.3.6. Шарт бойынша ұсынылған кредит лимитінің шегінде жаңа қарыздарды беруді біржақты тәртіпте тоқтата тұруға, мынадай жағдайларды қоспағанда:

a) Шартта қарастырған, Банкте жаңа қарыздарды ұсынуды іске асырмау құқығының туындауы; және/немесе

b) Қарыз алушы Шарт бойынша Банк алдындағы өз міндеттемелерін бұзғанда; және/немесе

c) Банктің қаржы есебінің халықаралық стандарттарына сәйкес келетін ішкі кредиттік саясатына сәйкес Банк жүргізген мониторинг қорытындысы бойынша анықталған Қарыз алушының қаржылық жағдайының нашарлауы; және/немесе

d) Банктің Шартты тиісті орындауына әсер ететін, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарының өзгеруі.

#### **3.4. Қарыз алушы мыналарға құқылы:**

3.4.1. Шарттың қағидаларына сәйкес қарызды пайдаланғаны үшін сыйақыны төлей отырып қарыз бойынша берешегін мерзімінен бұрын өтеуге (бұл ретте қарызды ішінара немесе толық көлемде мерзімінен бұрын өтеу 1 (бір) жыл мерзіміне берілген қарызды алған күннен бастап 6 (алты) ай өткеннен кейін, 1 (бір) жылдан астам мерзімге берілген қарызды алған күннен бастап 1 (бір) жыл өткеннен кейін тұрақсыздық айыбын және айыппұл санкцияларының басқа түрлерін төлеусіз жүзеге асырылады), бұл кезде толық мерзімінен бұрын өтеуді жоспарлаған күннен 5 (бес) күнтізбелік күн бұрын Банкке қарызды мерзімінен бұрын өтеу туралы жазбаша хабарлама жібере отырып, жүзеге асыру.

3.4.2. Шарт талаптарының Қарыз алушы үшін жақсарту жағына қарай өзгертілгендігі туралы хабарламаны алған күннен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде осы Талаптарда қарастырылған тәртіпте Банкке тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы Банк ұсынған жақсарту шарттарынан бас тартуға;

3.4.3. Шарт/кредит желісі шегінде кезекті қарыз бойынша берешекті өтеу шотына түсетін кезекті ақшаның (негізгі борышқа, сыйақыға, комиссияларға, тұрақсыздық айыбына, айыппұлдарға және басқа да төлеуге жататын сомаға) бөлінуі туралы ақпаратты өтініші бойынша айына 1 (бір) реттен аспайтын 3 (үш) жұмыс күннен артық емес мерзімде жазбаша нысанда тегін алуға;

3.4.4. ұсынылған Қарызды Банкке мерзімінен бұрын ішінара немесе толығымен қайтару туралы өтініші бойынша Қарыз бойынша мерзімі өткен төлемдерді көрсетумен қоса, негізгі борышқа, сыйақыға, комиссияларға, тұрақсыздық айыбына, айыппұлдарға және басқа да төлемдерге бөлінген қайтаруға тиісті соманың мөлшері көрсетілген мәліметтерді 3 (үш) жұмыс күннен артық емес мерзімде жазбаша нысанда тегін алуға;

3.4.5. Қарызға байланысты сұрақтар бойынша даулы жағдайлар туындағанда Банкке жазбаша өтініш білдіруге және Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңында белгіленген мерзімде жазбаша жауап алуға;

3.4.6. егер Қарызды өтеу және/немесе Сыйақыны төлеу күні жұмыс емес күнге түскен жағдайда, Қарызды және/немесе Сыйақыны төлеуді тұрақсыздық айыбы пен айыппұл санкцияларының басқа да түрлерін төлемей, одан кейінгі келесі жұмыс күні жүргізуге;

3.4.7. Банктік қарыз туралы шарт бекітілген күннен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде Қарыз ұсынылған күннен бастап Банк есептеген Сыйақыны төлеумен бірге Қарызды қайтару, бұл ретте Қарызды қайтарғаны үшін тұрақсыздық айыбы немесе айыппұл санкцияларының басқа түрлері мұндай жағдайда алынбайды;

3.4.8. Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес Шартқа қатысты қайшылықтарды реттеу үшін банктік омбудсманға заңнама талаптарына сәйкес жазбаша жүгінуге

3.4.9. Төлем картасы бойынша кредит лимиті шегінде қолжетімді кезеңде Қарыз алушы Қарызды толық немесе жартылай игеруге құқылы, бұл ретте Қарыз негізгі қарыз (игерілген және өтелген қарыз сомасына) бойынша берешектің өтелген бөлігінің сомасына толықтырылады (жаңартылады) және Қарыз алушымен қосымша игерілуі мүмкін. Төлем картасы бойынша кредит лимиті шегінде қолжетімді кезең өткеннен кейін Қарыз алушының Қарызды пайдалануға құқығы жоқ және қарыз бойынша қалған берешекті Банктік қарыз туралы шарт талаптарында өтеуге міндеттенеді. *(бұл тармақ кредиттік лимит шегінде берілген кепілсіз қарыздар үшін қолданылады)*

3.4.10. оған міндеттеменің орындалмауы туралы хабарлама тапсырылған немесе тапсырыс хатпен жолданған сәттен бастап 25 (жиырма бес) күнтізбелік күн ішінде иесі ол болып табылатын, соттан тыс тәртіпте қамтамасыз ету шарты тіркелген органда тіркелеген қамтамасыз етуді сатуды жүргізуден жазбаша бас тартуды ұсыну *(бұл тармақ ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша қолданылады)*;

3.4.11. Банктің кепіл саясатының талаптарын ескере отырып, Қарыз алушының Шарт бойынша берешегін (орындалмаған міндеттеме) мөлшерін арттыру бөлігінде, Қамсыздандыруды кеміту туралы, Қамтамасыз ету шартын бұзу немесе өзгерту талабымен Банкке жазбаша өтініш беруге, егер:

а) Қарыз алушының Шарт бойынша міндеттемелерінің орындалуын қамсыздандыру ретінде кепілге бірнеше кепіл заты берілген болса; және

б) Қарыз алушы Шарт бойынша міндеттемелерін тиісінше орындаған болса және орындап жүрсе; және

в) Қарыз алушы және/немесе Қамтамасыз етуді берген (кепіл беруші) үшінші тұлға Банкке өтініш берген сәтте барлық Кепіл затының нарықтық құнын тәуелсіз бағалаушымен бағалап, Банкке өткізген болса.

- Қамтамасыз етуді берген үшінші тұлғаның да осындай құқықтары мен талаптары бар.
- 3.4.12. осы Талаптарда, Банктік қарыз туралы шартта және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған басқа да құқықтарды жүзеге асыруға.
- 3.5. Қарыз алушы мыналарға міндеттенеді:**
- 3.5.1. Қарызды оның мақсатты тағайындалуына сәйкес пайдалануға;
- 3.5.2. Банктік қарыз туралы шартта қарастырылған тәртіпте, мерзімде және көлемде Қарызды толығымен өтеуге, ол бойынша Сыйақыны және осы Банктік қарыз туралы шартқа сәйкес Банкке тиесілі басқа да сомаларды төлеуге;
- 3.5.3. Банкке өзінің тұрғылықты жерінің, пошталық және/немесе банктік деректемелерінің өзгергені туралы дереу 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде хабарлауға;
- 3.5.4. Қарыз алушының Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісті түрде орындауына ықпал етуге қабілетті барлық жағдайлар туралы, сонымен қатар Қарыз алушы үшін материалдық шығындарға әкелетін туындайтын тәуекелдер туралы Банкті растайтын құжаттарды тіркей отырып уақытында хабардар етуге;
- 3.5.5. Банктік қарыз туралы шартты (Банктік қарыз туралы шарттың қолданыс кезеңінде банктік шоттың ашылуы) бекіткен күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде Банкке (осы Банктік қарыз туралы шарттың қолданыс кезеңінде ашылған) барлық ашылған банктік шоттарының бар екендігі туралы жазбаша хабарлауға;
- 3.5.6. Шартты бекітуге, орындауға, өзгертуге немесе бұзуға, мемлекеттік органда/Банктің кепілзатына құқығы туындаған/өзгертілген/ тоқтатылған басқа ұйымда тіркеуге байланысты барлық шығындарды көтеруге, мемлекеттік баж/алымдар төлемін, қажет болған жағдайда нотариалды шығындарды, қаржыландыру шарттарын өзгерту үшін комиссияны, банктік шоттар бойынша үзінді көшірме, анықтамалар және басқа құжаттарды алу бойынша, айырбастау, Банктің ресми сайтында жарияланған Банк мөлшерлемелері мен тарифтеріне сәйкес бағамдық айырмашылықты қайтару бойынша Банк қызметтерін қоса алғанда, бірақ бұнымен шектелмей;
- 3.5.7. Шарттың әрекет ету мерзімі ішінде, тиісті растау құжаттарды тіркей отырып, Банкке жазбаша түрде мыналарды хабарлауға: Қарыз алушының және/немесе Қамтамасыз етуді ұсынған тұлғалардың банктік шотындағы (шоттарындағы) операциялардың тоқтатылғаны туралы; Қарыз алушының және/немесе Қамтамасыз етуді ұсынған тұлғалардың мүліктеріне тыйым және/немесе басқа да ауыртпалықтардың салынғаны туралы; Қарыз алушының және/немесе Қамтамасыз етуді ұсынған тұлғалардың басқа кез келген үшінші тұлғалармен соттағы/арбитраждық (аралық) соттағы істі қараулары туралы; кез келген өзгеріс туралы соның ішінде, Қамтамасыз ету шарты бойынша Қамтамасыз етуге берілген мүліктің нашарлауы немесе нашарлау қаупі туындауы; біреудің Шартты және/немесе Қамтамасыз ету шартын даулауы туралы;
- 3.5.8. Банк Шарт бойынша Қарызды (берілген кредит желісі шегіндегі барлық берілген өтелмеген қарыздарды), есептелген Сыйақыны және Банкке тиесілі басқа да төлемдерді мерзімінен бұрын өтеуді талап еткен жағдайда, Банктің жазбаша талабын алған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Банктің талабын орындауға;
- 3.5.9. Төлем жүргізілетін күні төленетін ең төменгі төлем сомасын нақтылау үшін Банкке хабарласуға;
- 3.5.10. қарызды алған күннен бастап бір жылға дейін жүзеге асырылатын қарызды мерзімінен бұрын толық өтегені үшін Банкке Шартта қарастырылған мөлшерде айыппұл төлеуге.
- 3.5.11. Шартты жасағанға және/немесе қарыз берілгенге дейін Қамтамасыз ету затын Банктік қарыз туралы шартының әрекет ету мерзіміне сақтандыру туралы шартының жасалуын қамтамасыз етуге және Банкке ұсынуға. Сақтандыру туралы шартының әрекет ету мерзімі шектелуі мүмкін, бұл ретте Қарыз алушы бұрынғы сақтандыру шарттарының мерзімдері өткенге дейін ұсынуы тиіс, келешек кезең үшін жаңа сақтандыру шартын жасау немесе бұрын жасалған шарттардың мерзімін ұзарту талабымен ең аз мерзім бір жылдан аз болмауы тиіс. *(бұл тармақ өнім талаптарына сәйкес қамтамасыз етумен берілген қарыздар бойынша қолданылады).*
- 3.5.12. Банктің Қамтамасыз ету құқығының нақты жойылу қаупі болған кезде және/немесе Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған кезде және/немесе Қарыз алушының міндеттемелерін Қамтамасыз ету толығымен жаппаған жағдайда, Қамтамасыз етуді босатуды Банктен талап етпеуге және Қамтамасыз етуді ұсынған тұлғадан талап етуді болдырмауға.
- 3.5.13. FATCA (Foreign Account Tax Compliance Act) талаптарын орындау үшін Банктің алғашқы талабы бойынша өзінің дербес (жеке) деректемелері туралы барлық қажетті құжаттар мен ақпараттарды беруге.
- 3.5.14. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде және тәртіпте өз қаражатына тәуелсіз бағалаушыны тарту арқылы Банкке қамтамасыз ету ретінде ұсынылған мүліктің



қайта бағалауын жүргізу. Бұндай бағалау жүргізілген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Банкке бағалау туралы есепті беру.

3.5.15. Шарттың бүкіл әрекет ету мерзімі бойында, Банктен тиісті өтінімді алу күнінен бастап 5 (бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей, егер Банктің тиісті өтінімінде өзге мерзімдер көрсетілмесе, оған қоса, бірақ онымен шектелмей, Банктің әдетте қарыз ұсыну кезінде қоятын талаптарының барлығын сақтауға/орындауға:

а) Шартты орындау, өзгерту және әрекетін тоқтату және/немесе ол бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету және/немесе Банк ұсынған және/немесе онымен келісілген шарттар мен келісімдерге қол қою/қол қоюды (жасауды, тіркеуді, есепке алуды және т.б.) қамтамасыз ету;

б) Банкке мыналар үшін қажетті ақпаратты және/немесе тиісті түрде ресімделген құжаттарды ұсынуға: (i) қарыз(дар)дың мақсатты пайдаланылуын бақылау және/немесе (ii) Банктің ішкі нормативтік құжаттарына және/немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес кредиттік құжаттаманы қалыптастыру және/немесе (iii) Уәкілетті мемлекеттік органның талаптарын орындау және/немесе (iv) қаржыландыру шарттарына өзгерістер енгізу және/немесе (v) Банктің Шарт және/немесе Қамтамасыз ету шарттары бойынша өз құқықтарын жүзеге асыруы.

3.5.16. Қарызды (кредит желісі шегінде кезекті қарыздарды), сондай-ақ сыйақы, комиссия сомасын және Банкке тиесілі басқа да сомаларды өтеуді Шарт бойынша Банкпен Қарыз алушыға берілген ақша есебінен жүзеге асырмау.

3.5.17. Шартта және/немесе Банк талаптарында белгіленген мерзімдерде, сомада және тәртіпте қарыз(дар) беруге, Қарыз алушы Шарт бойынша міндеттемелерін бұзған жағдайда, Шарттан (Талаптардан) шығатын басқа жағдайларда, қолданылған шараларға байланысты Банк көтерген құжатпен расталған барлық шығындарды Банкке өтеуге;

3.5.18. Шартта, қамтамасыз ету шарттарында, Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған, сонымен қатар осы құжаттарда бекітілген Банктің құқықтығынан шығатын және/немесе оларды орындауға байланысты басқа да міндеттерді орындауға.

#### **4. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ ЖАҒДАЙЛАРЫ**

4.1. Олардың нәтижесінде Банк және/немесе Қарыз алушы Шарт бойынша қандай да бір міндеттемелерді тиісті орындай алмаған еңсерілмейтін күш жағдайлары, сонымен қатар, бірақ онымен шектелмей, табиғи апаттары, әскери қақтығыстар, террорлық әрекеттер, ұйғарымдар, бұйрықтар немесе Үкіметтің, ҚР Ұлттық Банкінің немесе қандай да бір басқа мемлекеттік органдардың тарапынан өзге әкімшілік кірісулер пайда болғанда, осы міндеттемелерді орындау мерзімдері осы жағдайлардың әрекет ету уақытына сәйкес жылжытылады.

4.2. Еңсерілмейтін күш жағдайларының пайда болу сәтінен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде, Шарт бойынша міндеттемелерді орындауда кедергілері бар Тарап, басқа Тарапты еңсерілмейтін күш жағдайының пайда болғандығы туралы жазбаша хабардар етуі тиіс. Олай болмаған жағдайда, мұндай Тарап үшін еңсерілмейтін күш жағдайларының нәтижесінде басқа Тарапқа хабарлама жіберу мүмкін болмаған жағдайлардан басқа жағдайда, бұл Тарап еңсерілмейтін күш жағдайларына, оны жауапкершіліктен босату негізі ретінде сүйену құқығынан айырылады.

4.3. Жалпыға мәлім сипатқа ие еңсерілмейтін күш жағдайлары қосымша дәлелдер мен хабарламаларды талап етпейді. Мүдделі Тарап барлық өзге еңсерілмейтін күш жағдайларына қатысты дәлелдемелерді ұсынады. Кәсіпкерлердің ұлттық палатасы немесе өзге құзырлы орган берген құжаттар мұндай жағдайлар мен олардың ұзақтығын куәландыратын дәлелдеме болып табылады.

4.4. Еңсерілмейтін күш жағдайлары тоқтағаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде оған қатысқан Тарап екінші Тарапты еңсерілмейтін күш жағдайларының тоқтағандығы жөнінде жазбаша хабардар ете отырып, Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін орындауды жаңғыртуы тиіс.

#### **5. БАСҚА ШАРТТАР**

5.1. Қазақстан Республикасының Кредиттік бюро және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы заңнамасына сәйкес Кредиттік бюроға ақпараттарды ұсыну және кредиттік бюроның Банкке Қарыз алушы туралы кредиттік есепті беруі туралы Қарыз алушының келісімі жазбаша өтінішімен расталады;

5.2. Сыйақы сомасы қарызды пайдаланған нақты күн есебінен шыға отырып есептеледі.

5.3. Осы Талаптарда қарастырылған қарызда алған сәттен бастап 1 (бір) жылға дейінгі мерзімінен бұрын өтеуге қатысты талаптарды, сонымен қатар Шартты ескерумен, кез келген уақытта қарызды мерзімінен бұрын өтеуге болады. Бұл ретте Қарыз алушы Банкке мерзімінен бұрын өтеу күніне дейін есептелген қарызды пайдаланғаны үшін сыйақыны төлейді.

Қарызды ішінара мерзімінен бұрын өтеген жағдайда қарыз алушы үшін Шарт бойынша жадынама (бұдан әрі – Жадынама) және алғашқы қарыз мерзімін қысқартумен/ жоспарлы төлем сомасын азайтумен өтеу кестесі қайта қаралады. Тараптармен қол қойылған Жадынама және өзгертілген өтеу кестесі Шартқа қосылады және бұрын қолданылған өтеу кестесі мен Жадынаманы ауыстырады. Бұл орайда Шартпен қарызды ішінара мерзімінен бұрын өтеудің ең аз сомасы белгілене алады.

5.4. Шарттың барлық өзгерістері және/немесе толықтырулары жазбаша түрде жасалған болса ғана жарамды болады, осы Талаптарда/Шартта қарастырылған жағдайларды қоспағанда. Шартты орындаудан біржақты бас тартуға және Шартты біржақты өзгертуге, толықтыруға және/немесе бұзуға рұқсат етілмейді, осы Талаптарда және/немесе Шартта қарастырылған жағдайларды қоспағанда. Талаптардың барлық өзгерістері және/немесе толықтырулары Банктің [www.fortebank.com](http://www.fortebank.com) сайтында жарияланған сәттен бастап әрекет етеді, бұл ретте Қарыз алушы үшін Талаптардың мұндай өзгерістері және/немесе толықтырулары тараптар Шартқа, Шарттың тиісті қосымша келісіміне қол қойған сәттен бастап күшіне енеді, Талаптарға (Шартқа) сәйкес Банк біржақты соттан тыс тәртіпте енгізген өзгертулерді және/немесе толықтыруларды қоспағанда. Шарт талаптарын Қарыз алушы үшін жақсартатын Банктің бір жақты соттан тыс тәртіпте енгізетін өзгертулері/толықтырулары Қарыз алушы Банктен тиісті хабарламаны алған күннен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күні өткен соң және Қарыз алушы осы Талаптарда қарастырылған тәртіпте Банк ұсынған жақсарту шарттарынан бас тартпаған жағдайда күшіне енеді.

5.5. Талаптарда (Шартта) қарастырылған жағдайларды қоспағанда, Шарттың өзгерістері және/немесе толықтырулары Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Тараптар қол қойған және Банктің мөрі басылған қосымша келісімдер ретінде рәсімделеді және Шарт сияқты тәртіпте күшіне енеді, егер өзгесі Шартта қарастырылмаған болс.

5.6. Егер басқадай Талаптарда (Шартта) тікелей қарастырылмаған болса, Шартты орындау аясында Тараптармен жіберілетін барлық хабарламалар (талаптар, хабарландырулар), соның ішінде Шарт талаптарын Қарыз алушы үшін жақсартуға байланысты енгізілетін құжат түрінде рәсімделген өзгертулер/толықтырулар, олар қолма-қол және/немесе пошта қызметімен және/немесе факспен және/немесе электронды поштамен Шартта көрсетілген деректемелер бойынша жіберілген болса, тиісті Тараппен жіберілген және/немесе алынған болып есептеледі, таңдалған байланыс каналы хабарламаның адресатқа тапсырылғанын бекітуді қарастыратын болса.

5.7. Егер тиісті Шарттың кейбір талаптары Тараптардың осыған сәйкес құқықтарын реттейтін Талаптардың және Шарттың басқа бөлімдерінің ережелерінен мағынасы жағынан өзгеше болса, онда Тараптар Қамтамасыз ету шартының ережелерін басшылыққа алады.

Егер Шарттың кейбір талаптары Тараптардың осыған сәйкес құқықтарын реттейтін Талаптардың ережелерінен мағынасы жағынан өзгеше болса, онда Тараптар Қамтамасыз ету шартының ережелерін басшылыққа алады.

5.8. Тараптар осы арқылы Банктің Қарыз алушыға міндеттемелерді бұзғаны туралы хабарламаны Шартта көрсетілген мекенжай бойынша, берешек сомасы (мерзімі өткен) және берешекті (мерзімі өткен) өтеу бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі көрсетілген тапсырысты хат арқылы (адресаттың оны алғаны туралы хабарламамен) жіберуге құқылы екендігін растайды және келіседі. Егер Қарыз алушы хабарламада белгіленген мерзімдер мен көлемде талаптарды орындамаған жағдайда немесе хабарламаны алған мерзімінен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде жазбаша қарсылық ұсынбаса немесе хабарламаны алудан бас тарту мақсатында кез келген әрекетті қолданса, атап айтқанда, Банктің, пошта ұйымының қызметкерлері немесе хат-хабар жіберу және жеткізу үшін Банктің тартылған өзге де ұйымдары растаған хабарламаны алудан бас тарту, Банкке өзінің орналасқан жерінің нақты мекенжайының өзгергені туралы хабарламауы (мұндай жағдайларда Банктің хабарламасын Қарыз алушы алды деп есептеледі), Банктің көрсеткен (хабарламаны құрастыру күніндегі) сомадағы Банк талаптары Қарыз алушының құпталғаны деп саналады және сот бұйрығын шығару үшін сотқа жүгіну мақсаты үшін даусыз болып қаралады.

5.9. Шартқа қол қою арқылы Қарыз алушы жеке, құпия мәліметтерді және Қарыз алушыға қатысты басқа да ақпаратты, «Қазақстан Республикасындағы Кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы» ҚР Заңында қарастырылған негативті ақпараттан басқа, Қарыз алушыға қатысты басқа да негативті ақпаратты, соның ішінде, Банк өз қарауы бойынша қажетті деп санайтын басқа да кез келген мақсаттар үшін сонымен қатар FATCA (Foreign Account Tax Compliance Act) талаптарын орындау мақсатында өңдеуге өз келісімін береді.

Қарыз алушының немесе Банктің Тараптар иелігіндегі үшінші тұлғалар туралы, мұндай тұлғалардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қорғалатын құпия ақпаратты құрайтын жеке мәліметтері болып табылатын ақпаратты кез келген түрде беру мұндай ақпаратты (өңдеуге, соның ішінде тиісті мақсаттар үшін қолдануға) ұсыну туралы Тараптардың тиісті келісімін алған соң осы келісімде белгіленген көлемдерде ғана жүргізіледі. Осы келісім Қарыз алушы Банк алдындағы шарттық және басқа да міндеттемелерін толық көлемде орындауларына дейін әрекет етеді, Банктің қарыз алушыға қатысты кез келген дереккөзден алған, өңдеу үшін шектелмеген мерзім берілетін негативті ақпаратты қоспағанда.

5.10. Шарттың Тараптарының әрқайсысы келесі Тараптан алынған қаржылық, коммерциялық және басқа да ақпараттардың (жалпыға мәлім ақпаратты қоспағанда) құпиялығын қатаң сақтауға міндеттенеді. Мұндай ақпаратты, сондай-ақ банктік және заңмен қорғалатын басқа құпияны құрайтын ақпаратты, үшінші тұлғаға беру, сонымен қатар оны жариялау ол туралы ақпарат ашылатын Тараптың алдын ала жазбаша келісімі бойынша мүмкін болады, келесі жағдайларды қоспағанда:

- a) Қарыз алушының Шарт бойынша міндеттемесін бұзуына байланысты Банктің кез келген шараны қолдануы;
- b) Шарт бойынша толық немесе жартылай құқықтардан және/немесе міндеттерден шектелу;
- c) Қарыз алушының оның жасалғандығы туралы Қарыз алушы Банкке хабарлауы міндетті/оны жасау үшін Банктің алдын ала келісімін алуы міндетті мәмілені жасауына тікелей немесе жанама түрде мүдделі үшінші тұлғаларға Банктің Шартта бекітілген тәртіпте олардың жасалғандығы және Қарыз алушының оны бұзуына байланысты мүмкін болатын салдары туралы хабарлауы;
- d) Қазақстан Республикасы заңнамасының және/немесе тіркеу елінің және/немесе Қарыз алушы резиденттігінің талаптарына сәйкес ақпаратты үшінші тұлғаларға ұсыну;
- e) Контрагент (тердің) міндеттемелері Банктен алынған/алынатын құпия ақпаратты үшінші тұлғаларға таратпау болып табылатын Банктен келісім (дер) жасау шартында Банктің құпия ақпараттарды өзінің контрагентіне (теріне) ашуы;
- f) Банктің Шарт және/немесе қамтамасыз ету шарттары бойынша өз құқықтарын жүзеге асыруы.

5.11. Осы Талаптарда қарастырылған Банк құқықтарын жүзеге асыру үшін Қарыз алушымен бекітілген банктік шот (ағымдағы/жинақ) туралы шарт тиісті бөлігінде толықтырылады. Шартқа қол қоя отырып Қарзы алушы Банк пен Қарзы алушы арасында бекітілген банктік шот туралы шартқа осындай толықтырулар (өзгертулер) енгізілуіне өз келісімін береді.

5.12. Банктік қарыз туралы шарт бойынша Қарыз алушының құқылары және/немесе міндеттемелері үшінші тұлғаға(-ларға) тек қана Банктің алдын ала жазбаша келісімі арқылы берілуі мүмкін. Банктің осы Банктік қарыз туралы шарт бойынша өзінің құқықтарын және/немесе міндеттемелерін толығымен немесе ішінара үшінші тұлғаға(-ларға) беру үшін Қарыз алушының келісімі қажет емес.

5.13. Шартқа байланысты пайда болған немесе оған байланысты, сонымен қатар оның жасалуына және/немесе орындалуына және/немесе бұзылуына және/немесе тоқтатылуына және/немесе жарамсыздығына қатысты (Шарт бойынша даулар) кез келген дау, талап немесе кінәрат-талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Банктің, оның филиалының – Банктің қалауы бойынша (келісіммен сотта қаралу) орналасқан жері бойынша сотта қаралуға жатады.

5.14. осы Талаптарда, Шартта қарастырылған талаптармен қоса Тараптар оны орындау кезінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

5.15. Барлық қамтамасыз ету шарттарының және/немесе қарыз беру туралы өтініштердің (ұсынылған кредит желісі бойынша) және/немесе Шарт шегінде жасалатын қарыз бойынша өтеу кестелерін өзгерту туралы өтініштердің Қарыз алушының басты міндеттемесі ретінде Шартқа сілтемелері болуы керек.